

1 дәріс. Кіріспе.

ДӘРІС 1. Пәнге кіріспе. Құзыреттілік ұғымының педагогикалық мағынасы

Мақсаты:

Оқытушы-тарихшының әдістемелік құзыреттілігі пәнінің мазмұнын, негізгі ғылыми-әдістемелік ұғымдарын түсіндіру; құзыр мен құзыреттілік теориясын педагогикалық тұрғыдан талдау.

Дәріс жоспары:

1. Пәннің мәні мен құрылымы
2. Құзыр және құзыреттілік ұғымдары
3. Құзыреттілік тәсілдің білім беру жүйесіндегі рөлі
4. Тарихшы-педагогтің кәсіби құзыреттері
5. Пәннің ғылыми-әдістемелік маңызы

«Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енудің негізгі міндеті жоғары мамандандырылған білікті де білімді азамат, ғылыми технологияны оңай меңгеріп, нарықтық экономикада өзін-өзі басқара алатын және алған білімін өмірде қолдана білетін болса, тек сол уақытта жүзеге асыру мүмкін» деген болатын. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында құзырлы орта білім берудің мақсаты ретінде: «... терең білім мен кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру», деп көрсетілді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», — деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Бүгінгі таңда жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзыреттілік тәсілді алу ұсынылып жүр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілік көрсетілген. «Құзырлық» сөзі туралы Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) — жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген. Латын тілінен аударғанда «құзырлық — өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады. Тұлға құзырлығының құрылымын анықтауда өте көптеген тәсілдер бар.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа интеграциялануға ұмтылысы еліміздің білім беру жүйесіне өзіндік әсерін тигізуде. Бұл жерде бірінші кезекте оның алдына қойылатын мақсаттың өзгеруі, соның салдары ретінде білім беру мазмұнын және сапасын өлшеу құралдарын жаңарту мәселелері шығады. Қазіргі уақытта іс- әрекет субъектісі ретінде мұғалімге, оның тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптар өзгерді. Бұл талаптарға жауап беретін педагог даярлау, ең алдымен, оның құзыреттілігін қалыптастырумен байланысты болады. Бұл мақалада осы құзыреттілік мәселесінің педагогикалық әдебиеттерде қарастырылуы сөз болады.

Ең алдымен, «құзыреттілік» терминінің мәнін филологиялық тұрғыда ашып алайық. Ол үшін құзыр (компетенция) және құзыреттілік (компетенттілік) ұғымдарына жекелеп тоқталу қажет. Өйткені педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде бұл ұғымдар бірде бір мағынада, негізінен көбіне түрлі категорияларды белгілеу үшін қарастырылады.

«Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде» «құзыр» ұғымына «қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деген анықтама берілсе, С.И.Ожегов сөздігінде «құзыреттілік — белгілі бір мәселені жан-жақты білу» екендігі айтылады.

«Шет тілдері сөздігі» «құзыретті» түсінігіне «құзырларға — қызметтік өкілеттікке ие» деген анықтама берген. Ал жалпы педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» аясында білім алушылардың мына негізде әрекеттің күрделі түрлерін жасай алу қабілеті түсіндіріледі, яғни нәтижесі:

- білімдер болып табылатын танымдық іс-әрекет тәжірибесі;
- іскерліктер түрінде болатын іс-әрекет тәсілдерін іске асыру тәжірибесі;
- проблемалық жағдайда шешім қабылдай алу іскерлігі болып табылатын шығармашылық іс- әрекет тәжірибесі.

Сонымен қатар педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау құзыреттіліктің түрлі мағыналық деңгейде қолданылатынын көрсетті. Олардың бірқатарын атап көрсетсек: субъектінің қоғамдық-практикалық тәжірибесінің қалыптасқандығы деңгейі (Ю.Н.Емельянов); қызметтік

талаптарды іске асырудың адекваттылығы (Л.И.Анциферова); белсенділіктің арнайы және дара формаларын меңгергендігі деңгейі (Л.П.Урванцев, Н.В.Яковлев). Құзыреттілікке берілген анықтамалардың әр түрлілігі және көптігі, біздің ойымызша, оның кең мағыналылығынан және әр салада мамандар даярлау ерекшеліктерінен, сол сияқты оны зерттеуге ғалымдардың түрлі теориялық тұрғыдан келуінен шығады. Солай бола тұра бұл ұғымды неғұрлым кең сипаттаған анықтаманы Н.Ф.Талызина, Р.Х.Шакуров, А.И.Щербаковтар берді. Олардың айтуынша, құзыреттіліктің негізгі сипаттамасы — маманда кәсіби іс-әрекетті атқаруды қамтамасыз ететін білімдер, іскерліктер, дағдылар мен тәжірибенің бірыңғай кешенінің қалыптасқандығы деңгейі болып табылады.

Педагогикалық әдебиеттерде құзыреттіліктің төмендегідей түрлері көрсетіледі:

- түрлі ақпарат көздерінен білімдер алу тәсілдерін меңгеруге негізделген өзіндік танымдық іс- әрекет саласындағы құзыреттілік;
- азаматтық-қоғамдық іс-әрекет саласындағы құзыреттілік (азамат, сайлаушы, тұтынушы ролін орындау);
- әлеуметтік-еңбек іс-әрекеті саласындағы құзыреттілік (өзінің кәсіби мүмкіндіктерін бағалай алу, өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары т.б.);
- тұрмыстық саладағы құзыреттілік;
- мәдени-демалыс саласындағы құзыреттілік (бос уақытты тұлғалық сұраныстарға жауап беретін талаптарға сай ұйымдастыра алу).

Білім беру мазмұнында түсініктердің, іс-әрекет тәсілдерінің және жеке позицияның көрініс табуы тәжірибесінің кіріктірілуі білім алушының өзіндік іс-әрекет тәжірибесін оқытушымен бірлескен шығармашылық іс-әрекетте жүргізіледі. Бұл жерде құзыреттілік оқыту нәтижесі бола отырып, одан тікелей шықпайды, керісінше, индивидтің өзіндік дамуының, тұлғалық және іс-әрекеттік тәжірибені қорытудың салдары болып табылады [4].

Жаңа сапаға қол жеткізу үшін берілетін білімдердің, іскерліктердің, дағдылардың санын арттыру шарт емес. Бұл жерде тек берілетін білім көлемін ұлғайту арқылы жоғары сапаға қол жеткізу мүмкін болмайтындығын айта кету керек. Егер біз сапаға сан арқылы қол жеткізу жолымен жүретін болсақ, онда тиісінше қалыптастырылатын құзыреттіліктердің саны да шекіз болып шыға келеді. Бұл өз кезегінде оларды шын мәнінде қалыптастыруды қиындатып, білім беруге құзыреттілік тұрғыдан келудің мәнін жояды. Сондықтан негізгі немесе басым құзыреттіліктерді іздеу барысында кілттік (базалық) құзыреттіліктер түсінігін қолданылады. Кілттік (базалық) құзыреттіліктер дегеніміз — неғұрлым спецификалық құзырлар қалыптастыруға негіз болатын кең спектрлі әмбебап құзыреттіліктер.

Э.Ф.Зеер кілттік құзыреттіліктердің мынадай ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

1. Олар көпфункционалды (құзыреттіліктерді меңгеру күнделікті, кәсіби және әлеуметтік салаларда проблемалық жағдаяттарды шешуге мүмкіндік берген жағдайда олар кілттік болып табылады).

2. Кілттік құзыреттіліктер пәнді меңгеруден тыс және пәнаралық болып табылады.
3. Кілттік құзыреттіліктерді қалыптастыру интеллектуалды дамудың белгілі бір деңгейіне сүйенеді (абстрактілі, сыни ойлау, саморефлексия және т.б.).
4. Кілттік құзыреттіліктер көпжақты, яғни олар өзінің құрамында түрлі тұлғалық қасиеттерді, интеллектуалдық қабілеттерді, коммуникативті іскерліктерді қамтиды.

Маңызды заңнамалық құжаттарды талдау кәсіптік білім беру ұйымы түлегінің келесі кілттік құзыреттіліктерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- белсенді өмірлік және кәсіби ұстанымның болуы;
- өзінің және қоғамның жақсы жағдайда өмір сүруін қамтамасыз ете алуы, өзіндік ұйымдастыруға (синергетика) жауапкершілігі;
- әлеуметтік және кәсіби өзіндік анықталуға және өзін өзі іске асыруға бағдарлану;
- экономика және әлеуметтік қатынастар саласындағы негізгі әлеуметтік дағдылар мен практикалық іскерліктерді игеру;
- жаһанданған дүниеге, ашық ақпараттық қоғамға ене алуы;
- толеранттылық (басқаның пікіріне төзе білу), диалог жүргізе алу іскерлігі, мазмұндық компромистерді іздей және таба алу іскерлігі;
- заманауи жалпымәдени деңгейге жету;
- құқықтық мәдениет: мемлекеттің құқықтық жүйесінің мүмкіндіктерін пайдалана алу іскерлігі мен негізгі құқықтық нормаларды білуі.

Қазіргі кезде қалыптасып отырған әлеуметтік-кәсіби жағдайда бірінші кезекке маманның білімділігі емес, оның алынған білімдерді нақты практикалық іс-әрекетте іске асыра алу қабілеті шығады. Бұл жерде тағы да «құзыреттілік» және «құзыр» терминдерінің ара-жігін ашып алу қажеттігі көрінеді.

Бұл түсініктердің арасындағы ерекшеліктерді көрсете отырып, бірқатар авторлар құзыреттіліктердің білім беру нәтижесі ретінде көрінетінін, ал құзырдың осы құзыреттіліктің әрекеттегі түрі екендігін көрсетеді (М.К.Кабардов, Е.В.Арцишевская). Бұл жерде кәсіби іс-әрекетті меңгеру процесін психологиялық тұрғыда талдау үшін игеру (білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды) және қолдану (іс-әрекетті атқаруға қатысты) сияқты бағалау параметрлері қолданылады.

«Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

Арнайы құзыреттілік — өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті. Әлеуметтік құзыреттілік — кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті. Білім беру құзыреттілігі — педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін

қолдана білу қабілеті. Ендеше, құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Студенттер оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтарымыз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы — бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім — қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру — кезеңдік үдеріс, яғни педагогикалық іс-әрекетте үнемі кәсіби шеберлікті арттыру қажет және аталған сатылар әрдайым қайталанады, бірақ жаңа сапада. Өзін-өзі дамыту үдерісі биологиялық, әлеуметтік жеке тұлғалық ерекшеліктерге байланысты, ол жеке өмірін саналы ұйымдастырса, өзіндік дамуында қамтиды. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі әлеуметтік ортаға тәуелді болып келеді, сондықтан орта кәсіби өзіндік дамуды ынталандыруы қажет.

Білім беру нәтижесі екі тұрғыдан қарастырылады. Біріншісі — бұл нақты білім беру жүйесі арқылы алынатын және білім беру стандарты формасында тіркелетін нәтиженің бейнесі. Қазіргі замандағы білім беру стандарттары оқытудың белгілі бір курсың өту үстіндегі адамның тұлғалық сапасына, оның білімі мен икемділігіне қойылатын талаптарды қамтиды. Стандарттың мазмұны, әлеуметтік мәдени тәжірибенің идеалды формада сақталатынына әлбетте қол жететін көрінісі екені мәлім.

Екінші тұрғыдан, білім берудің нәтижесі бұл белгілі бір білім беруші жүйеде оқытудан өткен адамның өзі. Интеллектуалды, тұлғалық, мінез-құлықтық қасиеттерінің қалыптасқан жиынтығы ретіндегі оның тәжірибесі оған кез келген жағдайда адекватты әрекет жасауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан білім берудің нәтижесі білімділік болып табылады, ол жалпы және кәсіптік-мазмұнды бола алады. Осылайша, мектеп түлектерінің жалпы білімділігін қалыптастырады. Кез келген жоғары оқу орнының түлегі осы негізде арнайы кәсіптік білімімен сипатталады. Адамды білімді ететін терең және жүйелі білім беру өмір ағымының ауыспалы кезеңдерінде сенімділік, бәсекеге қабілеттілік және өзінің ар-намыс сезімінің негіздерін салады.

1. Пәннің құрылымы

«Оқытушы-тарихшының әдістемелік құзыреттілігі» пәні — болашақ жоғары мектеп маманының кәсіби деңгейін қалыптастыруға бағытталған негізгі курстардың бірі. Бұл пән студенттерге:

- тарихи білім берудің әдіснамалық негіздерін;
- жоғары мектепте оқытудың заңдылықтарын;
- әдістемелік тәсілдерді қолдану дағдыларын;
- кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті меңгертеді.

Пән құрылымында теориялық, әдістемелік және практикалық блоктар бар. Теориялық бөлімде әдістемелік құзыреттілік түсінігі ашылады. Әдістемелік бөлімде тарихты оқытудың заманауи әдістері қарастырылады. Практикалық бөлімде болашақ мұғалім сабақ жоспарлайды, әдістерді қолданады.

2. Құзыр және құзыреттілік: теориялық негіз

Құзыр (competentia)

- белгілі бір әрекетті орындауға қабілеттілік;
- маман иесінің нақты міндеттерді атқару шеңбері;
- кәсіби өкілеттік.

Құзыреттілік

Бұл — адамның:

- білімді,
- білікті,
- тәжірибені,
- жеке қабілеттерді нақты жағдаяттарда тиімді қолдану қабілеті.

Педагогикада құзыреттілік үш компоненттен тұрады:

1. **Танымдық компонент** — теориялық білім
2. **Әрекеттік компонент** — тәжірибеде қолдану
3. **Құндылықтық компонент** — кәсіби мәдениет, рефлексия

3. Құзыреттілік тәсілдің білім беру жүйесіндегі рөлі

Бүгінгі білім беру мазмұны «нәтижеге бағытталған» модельге көшті. Бұл модельде басты нысан — **құзырлы тұлға** дайындау.

Оқытушы:

- білімді беруші емес;
- бағыттаушы, ұйымдастырушы, кеңесші.

Тарих ғылымында құзыреттілік тәсіл тарихи ойлауды, дерек талдау дағдысын, сыни, интерпретациялық көзқарасты қалыптастырады.

4. Тарихшы-педагогтің кәсіби құзыреттері

Пәнге байланысты негізгі кәсіби құзыреттер:

1) Пәндік құзырет

- тарих ғылымының теориясын, әдіснамасын білу;
- тарихи деректермен жұмыс.

2) Әдістемелік құзырет

- сабақ жоспарын құрастыру;
- әдістерді таңдауды білу (дәріс, семинар, кейс, веб-квест).

3) Зерттеушілік құзырет

- ғылыми ақпаратты талдау;
- салыстырмалы зерттеу жүргізу.

4) Коммуникативтік құзырет

- академиялық дискурс;
- аудиториямен қарым-қатынас.

5) Ақпараттық құзырет

- АКТ, цифрлық платформаларды пайдалану.

5. Пәннің ғылыми-әдістемелік маңызы

Пән болашақ оқытушының:

- ғылыми ойлауын,
- әдістемелік мәдениетін,
- кәсіби шеберлігін қалыптастырады.

Бекіту сұрақтары:

1. Құзыр мен құзыреттілік арасындағы айырмашылық қандай?
2. Тарих мұғалімінің кәсіби құзыреттерін атаңыз.
3. Құзыреттілік тәсілдің педагогикадағы рөлі қандай?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. *Тіл – құрал: әдістемелік мұралар*. – Алматы, 2018.
2. Болотов В.А., Сериков В.В. *Компетентностная модель образования*. – Педагогика, №10, 2003.
3. Зимняя И.А. *Ключевые компетенции как результат образования*. – М., 2004.
4. Қоянбаев Р.М., Қоянбаев Ж.Б. *Педагогика*. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.
5. ҚР “Білім туралы” Заңы. – Астана, 2020.
6. ҚР БҒМ. *Жоғары білім берудің мемлекеттік стандарты*. – Астана, 2021.
7. Ожегов С.И. *Толковый словарь русского языка*. – М., 1990.
8. UNESCO. *Teaching Competencies for the 21st Century*. – Paris, 2019.
9. Shulman L.S. *Knowledge and Teaching: Foundations of the New Reform*. – Harvard Educational Review, 1987.